

**«Мәдени» жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Әуесқой сазгер, дарынды ақын, полиция подполковнигі Маймақов
Айболаттың «Әке аманаты» атты шығармашылық кеші**

Мектеп кітапханашысы: Г.Ашенова

**Мәдени ауылы
2023-2024 оқу жылы**

Қазанның 23-і күні Мәдени жалпы орта мектебінің актив залында, осы ауыл түлегі, әуесқой сазгер, дарынды ақын, қазіргі таңда Шымкент қаласындағы ІІМ. Б.Момышұлы атындағы оқу орталығының кадр және тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы Маймақов Айболат Тілеубайұлының «Әке аманаты» атты жыр жинағының тұсаукесер салтанатына байланысты шығармашылық кеш өтті.



Кеш шымылдығын ауыл биі Бекболат Дербісов ашып берген соң, кешті көрнекті ақын, халықаралық Физули атындағы сыйлықтың иегері Құрал Көмек жүргізіп отырды. Ол кісі жаңа жыр жинағына құтты болсын айта отырып, жинақтың әр тарауына жеке-жеке тоқталып, түсініктеме түйін пікірлерін білдірді. Қазақ поэзия әлемін тағы бір жақсы жыр жинағымен молайғанын, өлең-жырларының берер тәрбиелік маңызының жоғарылығын атап өтті. Сонан соң сахнада «Әке аманаты» жыр жинағының тұсаукесер рәсімі жасалынып, көпшілікке тәттіден шашу шашылды.





Сөз тізгіні жерлес ақынға беріліп, сахна төріне оқу орталығының курсанттарымен кеш иегері шықты. Алғашқы жүрек лебізін өзінің сөзіне жазылған «Полиция әнұраны» әнімен бастады. Айболат ақын жыр жинағын не себепті «Әке аманаты» деп атағанына біршама түсінік беріп өтті. Ол өз сөзінде: «Мұның өзіндік себебі бар. Менің өмірімдегі адастырмас бағдаршамым, жолсерігім, ақыл кеңесшім және пір тұтқан асқар таудай алып тұлғам – әкем. Өмірінің өзі өнегеге толы әкемнің терең ойлы әрбір сөзі мені сүрінгенде демеп, қуанғанда қанат бітіріп, шалыс бассам, дұрыс жолға бағыттап отырды. Оның қарапайым өмірдегі қамқор әке, ардақты ата, ауыл-аймаққа сыйлы абыз қария ретіндегі жарқын келбеті маған әрдайым үлгі-өнеге болып келеді. Сондықтан әкемді сағынғанда жастайымнан жадымда тоқып жүрген, ол кісіге деген құрметім мен перзенттік махаббатымды арттыра түскен әртүрлі жағдайларды қағазға түсіріп отыруды әдетке айналдырдым. Соларымды шағын әңгімеге, өлеңге айналдырып, тағлым болсын деген оймен оқырманға ұсынуды жөн көрдім.

- Біз, қазақ-елміз ежелден құрмет көрсеткен ата-анаға,
Сан ғасыр ғұмыр өткізген байтақ сағымды сайын дала да.
Аманат еттім: еліңнің сақта дәстүрін, дінін, қарағым,
Атадан мұра – өсиет осы өзіндей кенже балама,-деп ойын айтып кеткен
еді. Шығармашылық жолы, кейбір өлеңінің қандай жағдайда туылғаны
жайлы қызықты етіп әңгімелеп, оқып берді.

Көпшілік маған көбінесе ақындық пен полиция қызметін қалай қатар алып жүрсіз? Бірі терең сезім, жүрек толғанысына бой ұрса, екіншісі қатал тәртіпті

талап етеді. Екеуі бір түрлі үйлеспей тұратындай ма? – деген сұрақты көп қояды. Өздеріңіз білесіздер, мен полиция саласына келмес бұрын, медресе шәкірті, медресенің оқытушысы, ректоры болдым. Жүректің жұмсақтығы, сезім тереңдігі сол жерден алған тәлімімнің арқасы болар деп әзілмен жауап беріп жатамын. Ал шындығында полиция туралы кейбір жандардың қате түсініктеріне жауап ретінде кітабымдағы «Полициядан емес, құдайдан қорық» деген әңгімемді оқуына кеңес берер едім. Ел іші тәртібін көз қарашығындай қорғап, сақтап жүрген жандардың сіңірген еңбектері ұшан-теңіз. «Полиция әнұраны» атты ән-өлеңім де осы сала қызметкерлеріне деген құрметтен өмірге келген болатын.



Сондай-ақ кешке қадірлі қонақ ретінде қатысқан ақын Сабырбек Нұрманұлы, облыстық маслихат депутаты Райымбеков Пернебек ІМ. Б.Момышұлы атындағы оқу орталығының бастығы профессор, педагогика ғылымының докторы, полковник Бекайдар Тойлыбаев, сазгер, Сайрам ауданының құрметті азаматы Бағдат Алтаев сынды азаматтар жеке-жеке тілек, пікірлерін білдіріп, жерлес ақындардың өлеңдеріне жақсы бағаларын берді, шығармашылығына, жеке өміріне ұзақ ғұмыр тіледі.

Сөз аралығында ақын Құрал Көмек пен Айболат ақынымыздың кезектесе айтқан тағылымды әңгімелері көпшілік көңілінен үлкен әсерімен орын алған еді.

Айболаттың әкесі – Тілеубай Маймақов ақсақал шын мәніндегі текті адам болатын. Ел жүгін арқалаған нар азаматтар қатарынан еді. Сөз мәнерін, сыртқы тұлға болмыс, таным парасаты ол кісінің тегін адам емес екенін хабардар ететіндей. Осы қасиеттері ол кісіні көпшіліктен биік етіп көрсететін. Міне, осындай азаматтың ұрпағы, өмір жалғасы Айболаттың ақын болуы, ел азаматы болып қалыптасуы табиғат заңдылығы емеспе?!



Кеш барысында Шымкент қаласының №75 мектебінен келген және Мәдени жалпы орта мектебі оқушылары Айболат ағаларының жырларын жатқа мәнерлеп оқуы, 11-сынып оқушысы Пернебек Ақгүлдің Айболат ағасына арнап жазған өлеңін оқып беруі кеш әсерлілігін арттыра түсті. Оқу орталығына еліміздің түрлі облыстарынан келіп оқып жүрген курсанттардың Айболат өлеңдерін жарыса жатқа оқуы, ақын ініміздің шығармашылығы Республикамыздың түкпір-түкпіріне танылып, насихатталды екен-ау деген үміт әлеміне жетектейтіндей.





Сахнаға ауыл қариялары шығып, ақын ұлдарына арналған жүрекжарды тілектерін жалғай түсті. Осындай тамаша кеш ұйымдастырғанына алғыстарын білдіріп, сый-сияпаттарын көрсетіп, гүл шоқтарын табыс етті.

Тартымды өткен кеш соңында ауыл тұрғындары, оқушылар Айболаттың кітаптары қойылған көрмені тамашалап, кеш иесімен естелікке суретке түсті. Ақын қонақтарға қолтаңбасы қойылған кітаптарын сыйға берді. Ән мен жыр кең жайылған дастархан басында жалғасын тапты.

Хаттама

«Мәдени жалпы орта білім беретін мектебі» кмм

Жүргізілген сұқбат мерзімі: 23.10.17

Тақырыбы: Рухание таңуыңу аясында откәзілген
хуьдой сәкер, дарында азын, полеецыз
подполковник Майбеаов Абаламтоь
Жә аяканата анта кеее.

Максаты: Арзы Мамбетов жибектен Тилекебасардын оюнунаан дауыш кайра кайра оюнун мундогу же аманатта өлүүдөр кескентин уюмун отор. Оюн танымал. Ози эскери кучметтер бааса да оюн кендо, калыба дени можабаттоо др өлүүдө бери берин кендо. Же аманатта дени өлүүдө же аузакан айтмалтан өлүүдө өлүүдө айтмалтан дрбн сааман аманатта өлүүдө тәрбиясине же оян арандоу тилмен кескенте бери кесер-лик кендо. Өлүүдөн оюн кучакан кендо кан мажаро кендо кан кучакан бери дени сааман айтм аманат.

Қатысушылар: Мектеп әкесі ұялында ата-адам
құнымен бірге істейтін жерлер, жерге тұрса -
лар, анасы аяғы аядағандар.
Мектеп жүйесіне: Оқушылар, Ақбалам
сыйлас достары.

Қорытынды: Кездесу кеме соңында аялануға
деген сұніспеннен қамт ұзақ қал соғумен
білдіреді. Қамтесдан әр азамат руханас
баллауға

Кітапханашы: Ахмедова Гулшера.